

Оқушы жастарды әлеуметтік қорғау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 5 қаңтар N 9. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.06.04. N 920 қаулысымен

Жоғары арнаулы орта және кәсіптік-техникалық оқу орындарының студенттері мен оқушыларын әлеуметтік қорғауды күшейту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. 1993 жылдың 1 қаңтарынан бастап стипендиялардың мөлшері N 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Стипендиямен қамтамасыз етудің аталған тәртібі шет ел азаматтары арасынан бұрынғы ССРО Білім комитеті тарапынан оқуға қабылданған, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен оқуға келген ұлты қазақ аспиранттарға, жоғары, арнаулы орта және кәсіптік-техникалық оқу орындарының студенттері мен оқушыларына қолданылсын.

3. Қазақстан Республикасының Білім министрлігіне және өз қарамағында оқу орындары бар басқа да министрліктер мен ведомстволарға республикадан тыс жерлерде оқып жүрген аспиранттарға, студенттер мен оқушыларға жылына бір рет, бөлінген қаржы шегінде, бір айлық стипендия мөлшерінде материалдық көмек көрсету хұқығы берілсін.

4. Оқу орындары орналасқан жерлерден кетумен байланысты практикалардың барлық түрін өткізу кезеңінде Қазақстан Республикасының жоғары, арнаулы орта оқу орындарының күндізгі бөлімшелерінде оқитын студенттері мен оқушыларына кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар қызметкерлерінің іссапарына байланысты қосымша шығындарына өтем жасау үшін қолданып жүрген заңдарда белгіленген тәуліктік нормасының 40 проценті мөлшерінде әрбір күн үшін, оның ішінде практика өтетін жерге барып-қайту жолында болған кезіне, тәуліктік төленеді деп белгіленсін. Практика өткізілетін жерге барып, қайтуға жұмсалған жолақысы толық мөлшерде төленеді.

Ескерту. 4-тармағына өзгерістер енгізілген - ҚРМК-нің 30.05.1994 ж. N 573 қаулысымен. P940573_

5. Жоғары, арнаулы орта оқу орындарының студенттері мен оқушылары, дайындық бөлімдерінің тыңдаушылары және аспиранттар үшін жатақханада тұрудың шекті ақысы тиісті оқу орындарының сабақ үлгеретін студенттері мен оқушыларына белгіленген стипендия мөлшерінің 3 процентінен аспайтын болып

тағайындалсын.

6. 1993 жылдың 1 қаңтарынан бастап кәсіптік-техникалық училищелердің оқушыларына олардың өндірістік оқу және өндірістік практика кезінде тапқан табыстары 100 процент төленсін.

7. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің келісуімен оқу орындарының әрбір түрі бойынша стипендия тағайындау және төлеу тәртібі туралы нұсқауды әзірлеп, бекітсін.

8. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Бөлшек сауда бағасының реформасына байланысты оқушы жастарды материалдық қамтамасыз ету және мектептік пен балалар киімдерінің бөлшек сауда бағасының өсуіне байланысты халықтың шығынын өтеу жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1991 жылғы 5 тамыздағы N 465 қаулысының (Қазақ ССР ҚЖ, 1991 ж., N 18, 125-бап);

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Оқушы жастарды стипендиямен қамсыздандыру туралы" 1992 жылғы 25 ақпандағы N 157 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ, 1992 ж., N 8, 144-бап);

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" 1992 жылғы 3 желтоқсандағы N 1021 қаулысы 1-тармағының екінші абзацы күшін жойған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі
Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 5 қаңтардағы
N 9 қаулысына
Қосымша
(Кесте)